

Жаңақорған аудандық көп бейінді орталық ауруханасы ұжымы
қызметкерлерімен талдамалық анықтаманы таныстыру жөнінде
өткізілген жиналыс
ХАТТАМАСЫ

Жаңақорған кенті

22.05.2026 жыл

Қатысқандар:

- Жиналыс төрағасы – Марат Ршымбетов
- «Атамекен» партиясының төрағасы – Арман Мажитов
- Бас дәрігердің орынбасары – А.Мурзаметова
- Хатшы – Ж. Ашимов

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2025 жыл және 2026 жылдың I тоқсаны бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысын таныстыру;
2. Анықталған тәуекелдер мен жою жоспарын талқылау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Жиналыс барысында 2025 жыл және 2026 жылдың I тоқсаны бойынша жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері таныстырылды.

Талдау барысында:

- стоматология кабинетінде пациенттерді қабылдау кезінде;
- акушерия және гинекология бөлімшесінде жоспарлы жатқызу барысында;
- дәрілік заттарды есепке алу және бөлу кезінде ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері карастырылғаны айтылды.

Сонымен қатар, тәуекелдерді төмендету мақсатында қабылданған ішкі бақылау және түсіндіру шаралары туралы ақпарат берілді.


СӨЗ СӨЙЛЕДІ:


Арман Мажитов сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы жұмыстарды тұрақты жалғастыру қажеттігін атап өтті.

А.Мурзаметова бөлімшелерде ішкі бақылауды күшейту және түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу бойынша ұсыныстар енгізді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Ішкі талдау қорытындысы назарға алынсын;
2. Анықталған тәуекелдер бойынша жою жоспары бекітілсін;
3. Профилактикалық және түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу жалғастырылсын;
4. Ішкі бақылау жұмыстары күшейтілсін.

Жиналыс төрағасы:  М.Ршымбетов

Хатшы:  Ж. Ашимов